

**Қазақстан Республикасы Президенттігіне кандидаттар үшін Исатай ауданы бойынша үгіт баспа материалдарын орналастыру орындарын белгілеу туралы**

*Күші жойған*

Атырау облысы Исатай ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 1 наурыздағы № 31 қаулысы. Атырау облысы Исатай аудандық Әділет басқармасында 2011 жылғы 2 наурызда № 4-4-177 тіркелді. Күші жойылды - Исатай ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 7 ақпандағы № 20 қаулысымен.

**Ескерту. Күші жойылды - Исатай ауданы әкімдігінің 2012.02.07 № 20 қаулысымен .**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабына, 1995 жылғы 28 қыркүйектегі № 2464 "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық заңының 28 бабы негізінде аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ** ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының 1 қосымшасына сәйкес аумақтық сайлау комиссиясымен келісе отырып, Исатай ауданы бойынша Қазақстан Республикасы Президенттігіне кандидаттар үшін үгіт баспа материалдарын орналастыру орындары белгіленсін.

2. Осы қаулының 2 қосымшасына сәйкес, мемлекеттік органдарға Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларында көзделген талаптар мен тәртіпке сәйкес келісім-шарт негізінде Қазақстан Республикасы Президенттігіне кандидаттарға сайлаушылармен кездесу үшін үй-жайлар бөлінуін қамтамасыз етсін .

3. Осы қаулы мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап қолданысқа енгізіледі және міндетті ресми жариялануға жатады.

4. Осы қаулының орындалуын бақылауды аудан әкімінің орынбасары М. Өтеғалиевке жүктелсін.

*Исатай ауданының әкімі* *Б. Қарабаев*

Аудан әкімдігінің

2011 жылғы 1 наурыздағы № 31 қаулысына 1 қосымша

